



№1 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

Базалық мөлшерлемені 9,00% деңгейінде сақтау туралы

25 қаңтар, 2021 жыл

Нұр-Сұлтан қ.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ақша-кредит саясаты жөніндегі комитеті пайыздық дәлізді +/-1,0 п.т. сақтай отырып базалық мөлшерлемені жылдық 9,00% деңгейінде сақтау жөнінде шешім қабылдады. Тиісінше өтімділікті ұсыну жөніндегі тұрақты қолжетімді операциялар бойынша мөлшерлеме 10,00% және өтімділікті алу жөніндегі тұрақты қолжетімді операциялар бойынша мөлшерлеме – 8,00% болады.

Шешім инфляцияны орта мерзімді кезеңде **4-6%**-дық нысаналы дәлізге қайтару мақсатында қабылданып, тәуекелдер теңгерімінің проинфляциялық факторлар жағына қарай ығысуымен негізделді. Сыртқы және ішкі инфляциялық қысым ұлғайды, азық-түлік бағасының одан әрі көтерілу тәуекелі артты, инфляциялық күтулердің жоғарылауы байқалады. Сонымен қатар елде және әлемде коронавирустық инфекцияға байланысты белгісіздік сақталуда.

Жылдық инфляция 2020 жылдың қорытындысы бойынша Ұлттық Банктің болжамына сәйкес қалыптасып, **7,5%** болды.

Азық-түлік инфляциясы әлемдік баға мен ішкі өндірушілер бағасының серпініне байланысты майдың, жұмыртқаның, қанттың және көкөністердің айтарлықтай қымбаттауы нәтижесінде **11,3%**-ға (ж/ж) дейін жылдамдады.

Азық-түлік емес инфляция **5,5%** (ж/ж) болды. Киім, аяқ киім, ЖЖМ бағасының өсуі бәсеңдеген кезде эпидемиологиялық жағдайға, сондай-ақ қашықтан жұмыс істеу және оқу жағдайында сұраныстың сақталуына байланысты дәрі-дәрмектер, үй тұрмысындағы заттар мен тұрмыстық техниканың бағасы көтерілді.

Сервистік инфляцияның **4,2%-ға** (ж/ж) дейін жылдамдауы реттелмейтін ақылы қызметтердің қымбаттауына байланысты болды. Негізгі үлес сұраныстың біртіндеп қалпына келуі аясында қоғамдық тамақтану, қонақ үй қызметтері, тұрмыстық қызметтердің жекелеген түрлері мен жеке күтім қызметтері құнының жылдық өсуімен қамтамасыз етілді.

Базалық инфляция көрсеткіштері инфляциялық процестердің жылдамдауын көрсетеді. Мәселен, жемістер мен көкөністерді, реттелетін коммуналдық қызметтер, теміржол көлігі, байланыс, бензин, дизель отыны мен көмірді қоспағанда жылдық көрсеткіштегі маусымдық таза базалық инфляция 2020 жылғы желтоқсанда **7,9%-ға** дейін (қыркүйек-қазанда - 5-6%) жылдамдады.

Инфляциялық күтулер 2020 жылғы желтоқсанда бір жыл бұрын күтілетін инфляцияны сандық бағалау **7,6%-ға** дейін аздап төмендеген кезде жоғары болып қалып отыр. Қазіргі немесе бағалардың неғұрлым жылдам өсуін күтетін респонденттердің үлесі 50% болды (2020 жылғы қарашада - 52%).

Қазақстан экономикасы 2020 жылы **2,6%-ға** қысқарды, бұл Ұлттық Банктің болжамдарына сәйкес келеді. ІЖӨ-нің қысқаруына тау-кен өндірісі, сауда және көліктің төмендеуі теріс әсерін тигізді. Тау-кен өнеркәсібіндегі құлдырау мұнай мен газ конденсатын өндіру көлемінің төмендеуіне байланысты. Көліктің қысқаруына жүк айналымы мен жолаушылар айналымы көлемінің төмендеуі ықпал етті. Сауданың теріс серпіні карантиндік шектеулердің сақталуына және төмен сұранысқа байланысты болды. Сонымен қатар, ІЖӨ серпініне өңдеу өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, құрылыс, ақпарат және байланыс, сондай-ақ мемлекеттік сектор оң үлес қосты.

Ұлттық Банктің **кәсіпорындар арасында жүргізген сауалнама** нәтижелері нақты сектордағы ахуалдың жақсарғанын көрсетеді. 2020 жылғы шілдеден бастап іскерлік белсенділік индексі желтоқсанда **49,0** тармақты құрап, 50 тармақ белгісіне қарай өсуді жалғастырып келеді. Кәсіпорындар бизнесті жүргізу жағдайларының жақсарғанын атап өтеді – Қазақстан экономикасы бойынша бизнес климат индексі 2020 жылғы желтоқсанда 4,2 (қарашада - 1,3) болды.

Пандемия аясында әлемдік экономикадағы ахуалдың нашарлауы Қазақстан халқының номиналды ақшалай кірісі өсуінің – 2020 жылғы наурыздағы 13,8%-дан қарашадағы 2,1%-ға дейін (ж/ж) біртіндеп баяулауына да әсер етті. Сонымен қатар, инфляциялық процестердің жылдамдауы халықтың **нақты ақшалай кірісінің** төмендеуіне алып келді (2020 жылғы қарашада 4,8%-ға қысқарды). Осыған қарамастан, екінші жартыжылдықта негізінен азық-түлікті тұтынуға және азық-түлікке жатпайтын тауарларды тұтынудың әлсіреуіне байланысты үй шаруашылықтарындағы тұтынушылық сұраныстың біршама қалпына келуі байқалады.

Алпауыт елдерде COVID-19-ға қарсы вакцинация басталған кезде **әлемдік экономикадағы ахуал** әлсіз оң күйінде қалып отыр, бұл бірқатар елдерде карантиндік шектеулердің күшеюіне және вирустың жаңа штамдарының пайда болуына байланысты. Дамыған елдердің өнеркәсіп секторы және Қытайдағы сыртқы сауда көрсеткіштерінің одан әрі өсуі әлемдік экономикаға айтарлықтай қолдау көрсетуді жалғастыруда.

Сауда әріптес елдердегі жылдық инфляция серпіні әртүрлі бағытта қалыптасып келеді. 2020 жылғы желтоқсанда ЕО-да жылдық инфляция 0,2% деңгейінде қалыптасты. Қытайда 2020 жылғы қарашада дефляциядан кейін инфляция 0,2%-ға дейін өсті. Өз кезегінде Ресейде инфляцияның 4,9%-ға дейін үдеуі байқалады, бұл азық-түлікке әлемдік бағаның өсуімен бірге сыртқы инфляциялық әсердің артқанын көрсетеді. Сауда әріптес елдердің монетарлық талаптары икемділігін сақтап отыр.

Әлемдік мұнай нарығындағы ахуал біршама жақсарды, бұл ОПЕК+ жаңа уағдаластығымен, жаппай вакцинацияны күтумен және әлемдік экономиканың қалпына келуімен түсіндіріледі. Аталған факторлардың қолдауымен Brent сұрыпты мұнайдың бағасы 2021 жылғы қаңтардан бастап бір баррель үшін **55** АҚШ долларынан жоғары көтерілді.

Мұнай нарығының даму перспективаларының белгісіздігіне қарамастан, халықаралық ұйымдардың соңғы болжамдарында күтілетін мұнай тұтыну бойынша бағалау шамалы жоғарылады. Сонымен қатар, мұнай бағасының қазіргі қалпына келуіне байланысты мұнай ұсынысы да ұлғаяды деп күтіледі. EIA болжамдары бойынша 2021 және 2022 жылдары Brent сұрыпты мұнайдың бағасы тиісінше орта есеппен барреліне **52,8** және **53,4** АҚШ долларын құрайды.

Базалық мөлшерлеме бойынша бұдан кейінгі шешімдер инфляцияның нақты серпініне және оның болжамдарға сәйкестігіне, инфляциялық күтулердің төмендеуі және тұрақтану қарқынына, сондай-ақ тәуекелдер теңгеріміне байланысты қабылданатын болады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Ақша-кредит саясаты жөніндегі комитетінің базалық мөлшерлеме бойынша кезекті жоспарлы шешімі 2021 жылғы 9 наурызда Нұр-Сұлтан қаласының уақыты бойынша 15:00-де жарияланады.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:

+7 (7172) 775 210

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz